

Ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін жасау және ұшыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қарашадағы N 1170 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 1170 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.08 № 1170 Қаулысымен.

Ұлттық байланыс және хабар тарату спутниктік жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановқа М.В. Хруничев атындағы Мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталықпен ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін жасау және ұшыру мәселесі жөнінде келіссөздер жүргізуге өкілеттік берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Ақпарат, Көлік және коммуникациялар министрліктерімен бірлесіп үш айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне өкілеттіктерін белгілей отырып, ұлттық спутниктік ұйымы жөнінде ұсыныс енгізісін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі